

Ақмола облысы Бурабай ауданы Веденов ауылдық округі Веденовка ауылының көшесін қайта атау туралы

Ақмола облысы Бурабай ауданы Веденов ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 сәуірде № 5881 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Веденов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақмола облысы Бурабай ауданы Веденов ауылдық округі Веденовка ауылының Советская көшесі Әлихан Бөкейханов көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Веденов ауылдық
округінің әкімі*

М.Имамбаев